

## «Макинка а. ЖОББМ» КММ мектебінің 2021-2022 оқу жылы бойынша өзін-өзі басқарудың орындаған жұмысы жөнінде ақпарат

Макинка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі біздің ауданымыздың ең үлкен мектептер қатарына кіреді. Қазіргі уақытта біздің мектебімізде 261 оқушы білім алады, бұл 25 сынып жинақтылым болып отыр. Оқу-тәрбие үдерісі 15 мұғалім және 25 сынып жектекшілерінің күшімен жүзеге асырылады.

Оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесі 2000-2001 оқу жылында педагогикалық кеңестің мектепке ҒЗИ педагогикалық ғылыми аспиранты М.Курсабаевтың дайындаған «Атамекен демократиялық республикасы» тәрбие бағдарламасын енгізу шешімімен бастау алды.

Сол жылы мектепте алғаш сайлау өткізіліп Мектеп парламенті құрылды.

Өзін-өзі басқару оқушылар ұжымының тіршілігін ұйымдастыруда өте маңызды.

**Парламенттің мақсаты:** білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

### **Парламенттің міндеттері:**

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте, колледжде, ЖОО-да бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;

- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;

- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;

- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

Мектептегі өзін-өзі басқару жоғары сынып оқушылар кеңесімен ұсынылады.

Оқу-тәрбие үдерісінің негізгі мазмұнына сәйкес оқушылардың өзін-өзі басқару құрылымы 9 фракциялардан тұрады:

Мектеп өкілдігі - балалар құқығын қорғауды жүзеге асыруды басты мақсат етеді.

1. Құқық және тәртіп фракциясы.
2. Ақпарат фракциясы.
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы.
4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология).
5. Қамқорлық фракциясы (еріктілік).

6. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық).

7. Дебат қозғалысының фракциясы.

8. Экология және еңбек фракциясы.

9. Балалар қоғамдық ұйымдарының фракциясы

Әр фракцияны тьюторлар, яғни мұғалімдер басқарады.

Оқушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы - ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар.

Осы жылдың 24-і қыркүйегінде мектептің өзін-өзі басқару президентінің сайлауы өтті. 116 сынып оқушысы Жакатов Мирас дауыс беруден өтті.

Мектептің өзін-өзі басқаруы өз жұмысын перспективалық жоспар арқылы жүзеге асырады.

• **Құқық және тәртіп фракциясы**

1. Біздің көшбасшылар Ы. Алтынсаринның 180 жылдығына арналған «Ұлы даланың-ұлы есімдері» челленджіне де қатысты.

2. Мәлік Ғабдуллинге арналған парасаттылық сағаты да өткізілді. Сонымен қатар келесілер өткізілді :



«Құқықтану негіздері» лекторийі



«Менің құқықтарым және міндеттерім» дөңгелек үстелі



«Жасөспірім, құқықбұзушылық, жауапкершілік» дөңгелек үстелі



«Сен өз құқығыңды білесің бе?» сауалнамасын өткізу



«Кәметке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстарын алдын алу» әңгімесі

- **Ақпарат фракциясы**



Балалар жасаған волонтер брошюралары

Туризм күніне орай газет шығарылымы

- **Спорт және салауатты өмір салт фракциясы**

Біздің оқушалардың өмірінде басты рөлді спорт алып жатыр. Балалар аймақтық, аудандық, облыстық және республикалық жарыстардың жеңімпаздары атанған болатын.

Біздің спортсмендер ауданымыздың атынан қатысуда.



11 қыркүйек. Біздің оқушымыз Жумахан Аяулым «Асық Ату» ұлттық ойындарында 1 орын жеңіп алды

«Қазақ күресі» аудандық турнирі 1-ші командалық орын



Аудандық шаңғы жарысы бойынша 1-ші командалық орын

Облыстық қысқы Президенттік көпсайыс жарыстарында 3-ші командалық орын

- **Өзін-өзі тану фракциясы**

«Жалпыадамзаттық құндылықтар – отбасы тәрбиесінің негізі» ата-аналар жиналысы

«Отбасылық құндылықтар» облыстық эссе конкурсына қатысып 11 сынып оқушысы 3-ші жүлделі орын алды.

- **Экология және еңбек фракциясы**

"Жасыл планета " үйірмесінің балалары эко акцияға белсене қатысты. Акция бұлақ маңындағы орманда басталды. Оқушылар бұлақ маңайын тазартып шықты. Акцияның соңғы кезеңі Жасыл ел облыстық конкурсына қатысумен аяқталды.

"Бірге таза Қазақстан" экологиялық акциясы басталды.



#### • Мәдениет және өнер фракциясы

Біздің оқушылар Миллер Николай 3б сыныбы; Швецова Милена; 3б сыныбы; Красноусов Максим 3б сыныбы; Шишкина Милена 3б сыныбы «Күзгі шеберхана» Республикалық презентациялар конкурсына қатысып 1-ші орындарға ие болды;



Қазақстан Республикасының 30 жылдығына орай «Терездегі ту» акциясына қатысу



Қазақстан халқының бірлігі күніне орай Степняк қаласында «Бір Шаңырақтың астында» ауқымды халық фестивалі өтті. Оған Біржан сал ауданының 15 жалпы орта білім беретін мектептері қатысты. Біздің оқушылар қонақтарды әдемі нөмірлерімен тамсандырып 1-ші орынға ие болды және құнды сыйлықтармен, мақтау қағаздарымен марапатталды.

«Мен қазақша сөйлегенді ұнатамын» челленджіне 7-8 сынып оқушылары қатысып аудандық мәдениет және тіл жетілдіру бөлімі атынан алғыс хаттармен және Біржан сал өлеңдер жинағымен марапатталды. Сонымен қатар, Езова София регионалдық деңгейде қатысқаны үшін облыстық бөлімнен алғыс хат алған болатын.

Күзгі жапырақтар облыстық конкурсына қатысып келесі жүлделерге ие болды:

Туристтік әндер номинациясында 2-ші орын

Туған өлке жайлы аңыз номинациясында 3 –ші орын  
«Табиғатты аяла» атты облыстық жас өлкетанушылар, экологтар және  
натуралистер форумына 11 қазанда қатысып жобаларын қорғаған оқушылар  
«Туған өлке» мен «Туған жердің тарихы» номинацияларында жүлделі  
орындар алды.

- **Пікірсайыс қозғалыс фракциясы**

«Пікірсайыс» қозғалыс жобасы сәтті іске асырылуда. Біздің  
командамыз аудан турнирінің және облыстық пікірсайыстар жеңімпазы деп  
бірнеше рет атанған.

1-орын қазақша лига,

2-орын аудандық пікірсайыс турнирінде орысша лига

20 –қазан күні облыстық пікірсайыс турнирінде қатысу үшін мараптталдық.



- **Қамқорлық фракциясы**

Әр мектепте өз дәстүрлері болады. Біздің мектепте бұл волонтерлық  
қозғалысқа айналған тимур қозғалысы. Ол «Мейрімді жүрек» волонтерлер  
клубы деп аталады.

Біздің жас волонтерлер «Қазақстан – мейірімділік территориясы» жобасының  
белсенді қатысушылары бола келе 3 жыл бойы жалғызбасты қарт адамдарға  
көмектесіп келеді.

Лазарев Роман «Біз болмасақ, кім?» атты волонтерлық қозғалыстың  
аудандық жоба конкурсына қатысып, балаларымыз жыл бойы жасаған бүкіл  
жұмысты көрсетті. Өкінішке орай Роман жүлделі орынға ие болмады.

«Волонтерлық жайлы біл» акциясы. Балалар брошюралар дайындап  
халық арасында сауалнама өткізді.





Сонымен қатар біздің көшбасшылар «Елбасы медалі» жобасына қатысты. Ал «Елбасы медалі» жобасына сәтті әрі мақсатшыл балалар қатысады.

Осы жобаға 11 сынып оқушылары Ташимова Жасмин және Тастенбекова Сабина қатысқан болатын. «Елбасы медалі» - ұлттық деңгейдегі жастарды жан-жақты дамытуға бағытталған жалғыз бағдарлама.

Біз осы жетістіктерімізге тоқтамаймыз, осы жобаға қатысатын келесі оқушымыз «Күміс деңгей» үміткері Касымова Аяжан 11 сынып оқушысы. Бұл жоба біздің мектеп оқушыларымыздың үлкен бөлігін қызықтырды.



13.05.2022ж. Мельникова Ольга «Үздің Ұланбасы -2022» облыстық конкурсына қатысты. Конкурстың мақсаты жасөспірімдердің патриотизм сезімін, өзін-өзі дамыту мен білімге ұмтылысын, Отан тарихы үшін тәуелсіз Қазақстанның осы шағы менен келешігі үшін жауапкершілікті қалыптастыру. Оля сертификатпен және құнды сыйлықпен марапатталған болатын. Осы конкурсқа қатысу жастардың тұлғалық және интеллектуалды өсуіне және олардың көпшілік алдында сәтті сөз сөйлеуіне ықпал етеді.




Біздің мектебімізде «Жұлдызды жаңбыр» акробатикалық үйірмесі жұмыс жасайды. Оқушыларымыз аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейде өнер көрсетіп жүлделі орындао алып жатады.



Өзін-өзі басқару – бұл ең бастысы тұлғалық даму, өз потенциалын жүзеге асыру мүмкіндігі. Сонымен қатар, өзін-өзі басқару азаматтық позицияны қалыптастыруға және демократиялық қарым-қатынас тәжірибесін алуға көмектеседі. Менің ойымша, өзін-өзі басқару әлеуметтік компетенцияны дамытуға, әлеуметтік тәртіп дағдыларын жетілдіруге



мүмкіндік береді



2021-2022 оқу жылында оқушылар жемісті жұмыс жасап көптеген жеңістерге жетті. Өткен жылдағы өзін-өзі басқарудың жұмысын қанағаттандырарлық деп санауға болады. Жалпы айта келе мектептің өзін-өзі басқару жұмысы толығымен орындалды. Алайда, келесі жылы сынып ұжымдарының жұмысын арттыру керек болады. Құқықбұзушылық бойынша жұмыс тағы бар. Аудан және облыс деңгейіндегі конкурстарға көбірек қатысу мақсат болып отыр.

Біздің оқушыларымыздың жетістіктерін тек мақтан тұтуға болады! Олардың мектептік өмірі қызық әрі пайдалы.

Мектеп директоры:

Т.С.Рахимжанов

Мектеп тәлімгері:

В.В.Вишнева

